

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

«NEGESH INTERNATIONAL» МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ҚАРЛЫҒАШ» БАЛАБАҚШАСЫ» РММ

«ABADAN» БАЛАБАҚШАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ПРОЦЕСІНДЕ ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
13 маусым 2025 жыл*

ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА: ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Материалы международной научно-практической конференции
13 июня 2025 года*

Астана, 2025

Редакция құрамы:

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – п.ғ.д., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жумабекова Фатима Ниязбековна - п.ғ.к., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Сағалиева Жанар Каукербековна– п.ғ.к., доцент, ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты, ғылыми қызметкер

Адамова Манара Елекенқызы – п.ғ.м., ҚР Оқу –ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің басшысы

Ерманова Мария Наятқызы – п.ғ.м., ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры

Тезекова Орынтай – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 3-курс Phd докторанты, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

УДК 373.2
ББК 74.100
Ц42

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтары»: - Астана, «Бика» баспасы, 2025.- 516 б.

ISBN 978-601-7075-63-7

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында (AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»" гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында) мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар, практиктердің ғылыми және практикалық тәжірибелеріне байланысты мақалалары жинақталған.

© «Бика» баспасы Астана, 2025

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КІТАПҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, п.ғ.д., профессор

Saira1962@mail.ru

Амангелді Нұрсезім Абайқызы

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 4 курс студенті.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Аңдатпа. Мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа қызығушылығын қалыптастыру – олардың танымдық, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ерте жастан оқуға баулу сөздік қорын байытып, қиялын дамытады және оқу дағдыларының негізін қалайды. Бұл үдерісте ойын элементтерін қолдану, театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру, кітап бұрышын жасау және отбасылық оқу дәстүрін қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: кітапқа қызығушылық, мектепке дейінгі балалар, оқуға баулу, танымдық даму.

Мектепке дейінгі балалардың танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда кітапқа деген қызығушылықты ерте қалыптастыру маңызды. Көркем әдебиет баланың сөздік қорын байытып, сөйлеу, ойлау және қиялдау дағдыларын дамытады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты тілдік және коммуникативтік дағдыларды жетілдіруді көздейді. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымдарда көркем әдебиетке негізделген оқыту әдістерін, интерактивті тәсілдерді және ойын элементтерін пайдалану қажет[1]. Г. И. Щукина танымдық қызығушылықты білімге, оның мазмұнына және игеру процесіне бағытталған тұлғаның таңдамалы бағыты ретінде сипаттайды. Ол бұл қызығушылықты адамның қоршаған ортадағы объектілер мен құбылыстарға деген күрделі қатынасы деп қарастырды[2]. И. М. Осмоловская мен Л. Н. Петрова оқырман қызығушылығы тек танымдық бағыт емес, сонымен қатар кітапқа жағымды эмоциялар мен өзара әрекетке деген ұмтылысты қалыптастыратынын атап өтті. Балалар кітапты қарап, парақтап, оқып, таңдаулы шығармаларға қызығушылық танытады[3].

Рудольф Штайнер – вальдорф педагогикасының негізін қалаушы. Ол ертегілер мен әдебиетті баланың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуда маңызды құрал ретінде қарастырған[4]. Джером Брунер – ерте жастағы балалардың тілдік дамуы мен оқуға қызығушылығын қалыптастыру туралы зерттеген. Ол кітап оқу барысында диалогтық әдістің маңыздылығын атап өтті[5]. Шейла Макгиннис және Жан Шаретт – мектепке дейінгі балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруда ата-аналар мен тәрбиешілердің рөлі туралы зерттеулер жүргізген[6].

Л.М. Гурович, Л.Б. Берегова, В.И. Логинова "Бала және кітап" еңбегінде мектепке дейінгі балалардың көркем әдебиетті қабылдау ерекшеліктерін зерттеді. Олар баланың әдебиетке қызығушылығы жас кезеңдеріне байланысты дамитынын анықтады: кіші мектепке дейінгі жас – балалар қарапайым, нақты оқиғаларға, қайталанатын сөз тіркестері мен ырғақты шығармаларға қызығады. Халық ертегілері мен қысқа өлеңдер олар үшін тартымды, бірақ жасырын мағыналар мен күрделі сюжеттерді түсіну қиын. Ортаңғы мектепке дейінгі жас – балалардың әдеби шығарманы түсінуі тереңдейді, олар реалистік және қиял-ғажайып жанрларды ажырата бастайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беріп, эмоционалды байланыс орнатады. Ересек мектепке дейінгі жас – балалар шығармалардың мәнін терең түсініп, кейіпкерлердің ішкі сезімдерін бағалай алады. Олардың ғажайып ертегілер мен ұзақ оқиғалы шығармаларға қызығушылығы артады. Кітап оқу арқылы бала қоршаған ортаны танып, сөздік қорын байытады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады және шығармашылық ойлауын дамытады. Әр жас кезеңіне сәйкес әдеби шығармаларды дұрыс таңдау – олардың оқуға деген қызығушылығын арттырудың маңызды шарты[7].

Жапон инженері Масару Ибука «Үш жастан кейін кеш» атты кітабында балалардың ерте жаста дамуының маңыздылығын айтады. Ол үш жасқа дейінгі кезеңде баланың миы қарқынды

дамитынын және дәл осы уақытта кітапқа деген қызығушылықты қалыптастыру маңызды екенін көрсетеді. Балалар ертегілерді қайта-қайта тыңдауды жақсы көреді. Бұл олардың есте сақтау қабілетін жақсартып, логикалық ойлауын дамытады және сөздік қорын байытады. Егер бала белгілі бір кітапты жиі сұраса, бұл оның оқуға деген ынтасы бар екенін білдіреді. Ертегі тыңдау мен кітап қарау баланың қиялын дамытады. Ал ата-ана баламен бірге оқып, кітаптың мазмұнын талқыласа, бала бұл процесті қызықты әрі пайдалы іс ретінде қабылдайды. Сондай-ақ, музыка тыңдау баланың сөздер мен ырғақты қабылдау қабілетін арттырып, кітап оқуға деген қызығушылығын оятуы мүмкін. Егер бала кішкентайынан кітапқа қызықса, ол өскенде де оқуды жақсы көретін болады. Сондықтан ата-аналар мен тәрбиешілер ерте жастан бастап кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға көңіл бөлуі керек[8].

Баланың кітапқа қызығушылығы оқитын шығармаларына да байланысты. Даниялық психолог Бруно Бетельхейм сиқырлы ертегілерді балалар үшін ең қолайлы деп санайды, өйткені олардың тілі қарапайым, кейіпкерлері аз және сюжетті түсіну жеңіл. Бұл ертегілер баланың қиялын дамытып, эмоцияларын түсінуге көмектеседі. Мектепке дейінгі балаларға арналған кітаптар олардың алғашқы танымдық тәжірибесін қалыптастырады. Жарқын түстер мен қарапайым мәтіндер оқу процесін қызықты етеді. Мұндай кітаптар тілді дамытуға көмектесіп, сөздік қорды байытады, когнитивтік қабілеттерді жетілдіріп, логикалық ойлауды дамытады, әлеуметтік дағдыларды қалыптастырып, мейірімділік пен ынтымақтастықты үйретеді, эмоциялық өсуге ықпал етіп, сезімдерін түсінуге және жеткізуге үйретеді. Осылайша, мектепке дейінгі кезеңде оқылған кітаптар баланың интеллектуалдық, әлеуметтік және эмоциялық дамуына ықпал етіп, оны болашақта саналы оқырманға айналдыруға негіз қалайды[9].

Балаларды баспа өнімдерімен және әдеби элементтермен таныстыру олардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытады. Нарықта мектепке дейінгі балалар үшін пайдалы көптеген кітаптар бар. Оларға қалқымалы (жылжымалы), тактильді (жанасу арқылы сезінетін), дыбыстық (анимациялық), рифмалық және әліпби кітаптары жатады. Әрқайсысы баланың танымдық, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі[10].

Кітап түрі	Сипаттамасы	Мысал кітаптар
Қалқымалы (жылжымалы) кітаптар	Балаларға кітаппен белсенді әрекеттесуге мүмкіндік береді. Мұндай кітаптарда ашылатын терезелер, қозғалатын элементтер, айналмалы бөлшектер болады, олар баланың қызығушылығын арттырып, оқу процесін ойынға айналдырады. Бұл кітаптар балалардың моторикасын, зеректілігін және көру қабілетін жақсартады.	Карен Кац – Zoom Zoom Baby[11]
Тактильді (жанасу арқылы сезінетін) кітаптар	Әртүрлі текстуралар мен материалдардан жасалған элементтері бар кітаптар. Олар балаларға жанасу арқылы зерттеуге мүмкіндік береді, ұсақ моториканы дамытады және сенсорлық қабылдауды жақсартады. Бұл әсіресе көру қабілеті шектеулі балалар үшін пайдалы.	Роджер Прайди – Bright Baby Touch and Feel, Montessori Quiet Books for Toddlers [12]
Дыбыстық (анимациялық) кітаптар	Балаларға тыңдау арқылы оқуды қызықты етеді. Бұл кітаптарда әртүрлі дыбыстар, әуендер немесе сөйлейтін батырмалар бар. Олар балалардың есту қабілетін дамытып, сөздерді жақсы тануға көмектеседі. Сонымен қатар, дыбыстық кітаптар балаларды сөйлеуге ынталандырады.	Кіші Билл Мартин мен Эрик Карл – Polar Bear, Polar Bear, What Do You Hear? [13]

Рифмалық кітаптар	Балалардың сөздердің дыбыстық құрылымын түсінуіне көмектеседі. Ритм мен қайталаулар есте сақтауды жеңілдетіп, тілдік дағдыларды дамытады. Бұл кітаптар фонематикалық есту қабілетін жақсартып, оқуға деген ынтаны арттырады.	Анна Дьюдни – Llama Llama Red Pajama [14]
Әліпби кітаптары	Балаларды әріптермен және олардың дыбыстарымен таныстырады. Әріптер үлкен, айқын етіп жазылады, оларды үйретуге көмектесетін суреттермен толықтырылады. Бұл кітаптар фонематикалық қабылдауды дамытады, баланың сауат ашуға дайындалуына ықпал етеді.	Билл Мартин кіші мен Джон Арчамбо – Chicka Chica Boom Boom [15]

Адель Фабер мен Элейн Мазлиштің «Балалардың тыңдауы үшін қалай айту керек және балалар сөйлеуі үшін қалай тыңдау керек» (*How To Talk So Kids Will Listen And Listen So Kids Will Talk*) кітабы ата-аналар мен тәрбиешілерге балалармен тиімді қарым-қатынас орнатуға көмектесетін тәжірибелік нұсқаулық ретінде кеңінен танымал. Кітап тыңдау және дұрыс сөйлесу дағдыларының маңыздылығын ерекше атап өтеді. Авторлар ата-аналарға баланың эмоцияларын түсіну, оларды қабылдау және қолдау көрсету арқылы сенімді байланыс орнатуды үйретеді. Фабер мен Мазлиштің ойынша, балалардың ата-ананы тыңдауы көбіне ересектердің олармен қалай сөйлесетініне байланысты. Кітапта қарым-қатынас стилін жақсартуға көмектесетін практикалық әдістер ұсынылған, олар: мұқият тыңдау – баланың сезімдерін елемей, оны жұбата салу орнына, оның ойын толық тыңдап, шынайы жауап беру. Оң көзқараспен жауап беру – тыйым салу немесе жазалаудың орнына, баланың әрекетін түсініп, оны өз қателігін түзетуге ынталандыру. Баланың эмоцияларын дұрыс басқару – баланың көңіл-күйіне түсіністікпен қарап, оны сөзбен қолдау. Бұл әдістер ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтып қана қоймай, баланың өзін түсінікті сезінуіне, ашық сөйлеуіне және өз пікірін еркін білдіруіне ықпал етеді. Кітап негізінен ата-аналарға арналған, бірақ оның қағидалары тәрбиешілер мен педагогдер үшін де пайдалы, өйткені дұрыс қарым-қатынас жасау – баланың дамуы мен тәрбиесінде маңызды рөл атқарады[16].

Қазіргі таңдағы балалардың кітапқа қызығушылығын зерттеу барысында Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау өңірлеріндегі ата-аналарға арналған сауалнама жүргізілді. Сауалнамада 12 сұрақ берілді, 8 ата-ана жауап берді.



Сурет 1- Ата-аналармен жүргізілген сауалнама нәтижесі

Сауалнама нәтижелері бойынша, балалардың кітапқа деген қызығушылығы орташа деңгейде байқалады. Мысалы, дүкенде олар кітап сөресіне емес, алдымен ойыншық сөресіне көңіл бөледі, жаңа кітапқа тек қысқа уақыт қызығып, оның суреттеріне назар аударады. Ата-аналар балалардың кітапқа деген ынтасын арттыру үшін сүйікті тақырыптағы кітаптарды таңдап, оқу процесін ойынға айналдыруға тырысатыны байқалады. Дегенмен, балалардың назарын ұзақ уақыт кітапқа аудару әлі де қиындық тудырады, сондықтан кітапқа деген қызығушылық қалыптасып келе жатқан, әрі оны одан әрі нығайту қажет деген тұжырымға келуге болады.

Сауалнама нәтижесіне байланысты келесідей ұсыныстар бере аламыз: кітапқа деген қызығушылықты арттыру: балаларға қызықты кітаптарды ойын түрінде таныстыру. Оқиғаны қызықты етіп баяндап, диалог түрінде оқуға дағдыландыру. Кітап мазмұнына негізделген шығармашылық тапсырмалар беру (сурет салу, әңгіме жалғастыру). Ата-аналардың рөлін күшейту: баламен бірге кітап дүкеніне барып, оның қызығушылығын ояту. Кешкі уақытта телефон немесе теледидар орнына кітап оқуды әдетке айналдыру. Балаларға кітап оқу кезінде олардың назарын аудару үшін түрлі әдістер қолдану (сұрақтар қою, рөлдерге бөлу). Балабақша мен мектепке дейінгі ұйымдарда: кітап оқу бұрыштарын тартымды етіп ұйымдастыру. Оқыған кітаптар бойынша шағын қойылымдар өткізу. Балалардың сүйікті кейіпкерлеріне байланысты шаралар ұйымдастыру.

Жалпы, ата-аналардың қолдауы жеткілікті болғанымен, балалардың кітапқа деген қызығушылығы төмен деңгейде қалып отыр. Сондықтан оқуға деген ынтаны арттыру үшін ойын элементтері мен шығармашылық әдістерді белсенді қолдану қажет. Осыған орай, қазіргі кездегі шет елдік тәжірибелер өз нәтижесін беруде. Баланың кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру арқылы оның сөйлеуін, сөздік қорын, фонематикалық естуін, жалпы тілдік дағдыларын жетілдіре аламыз.

Джим Трелиз (Jim Trelease) – "The Read-Aloud Handbook" (дауыстап оқуға арналған нұсқаулық) сүйіспеншілікке толы ата-аналарға, қамқор ата-әжелер мен ақылды тәрбиешілерге арналған үстел кітабы. Джим Трелиздің бұл еңбегінде балаға ерте жастан бастап кітап оқудың оның сөздік қорын байытудағы маңыздылығын көрсетті. Ол дауыстап оқуды баланың болашақта оқу және жазу дағдыларын жетілдірудің маңызды қадамы ретінде қарастырады. Кітаптың басты мақсаты – дауыстап оқудың балалардың эмоциялық, тілдік және интеллектуалдық дамуына тигізетін пайдасын дәлелдеп, бұл әдісті күнделікті өмірде қолдануды насихаттау[17].

Стивен Крашеннің «The Power of Reading: Insights from Research» еңбегінде еркін ерікті оқудың (FVR) маңыздылығы ғылыми дәлелдермен расталады. Автордың пікірінше, оқудың міндеттемесіз, өз қалауы бойынша жүргізілуі балаға мынандай артықшылықтар әкеледі. Тілдік және когнитивті даму: еркін оқудың арқасында бала сөздік қорын байытып, жазу және грамматикалық құрылымдарды меңгере алады. Мәтіннің мағынасына көңіл бөлу тілді үйренуге тиімдірек әдіс деп саналады. Мағыналы оқу тәжірибесі: механикалық жаттаудан гөрі, мағыналы мәтіндерді оқу арқылы тілді игеру әлдеқайда тиімді. Бұл тәсіл баланың ойлау қабілетін, түсінігін және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Оқу ортасының қолайлылығы: үйде, мектепте және қоғамдық орындарда кітаптардың мол болуы, баланың өз еркімен кітап таңдауына және оқуға ынтасын арттыруға ықпал етеді. Егер қажетті әдебиеттер оңай қолжетімді болса, бала кез келген уақытта оқуға қызығушылық танытады. Оқытуды жағымды ету әдістері: дауыстап оқу, оқуды ойынға айналдыру және қызықты мәтіндерді ұсыну сияқты тәсілдер арқылы балалар кітаппен достасады. Бұл әдістер оқуды қуаныш пен қызығушылықпен қабылдауға көмектеседі және балада кітапқа деген терең сүйіспеншілік қалыптастырады. Қорыта айтқанда, Крашен еркін ерікті оқудың тек тілдік дағдыларды жетілдіріп қана қоймай, жалпы білім мен рухани-мәдени дамуға да оң әсер ететінін дәлелдейді. Баланың кітаппен өз еркімен танысуы оның ұзақ мерзімді дамуына ықпал етеді[18].

Нелл Дьюктың *Literacy and the Youngest Learner* кітабында 0-5 жас аралығындағы балалардың сауаттылық дағдыларын ерте жастан дамыту жолдары қарастырылады. Автор балалардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу қабілеттерін қалыптастыру үшін оларды кітаппен ерте таныстырудың маңыздылығын ерекше атап өтеді. Баланың айналасында әрдайым кітаптар, жазу құралдары және түрлі мәтіндер болуы керек, бұл олардың сөздерді тануына және қолдануына көмектеседі. Оқу мен жазуға деген қызығушылықты арттыру үшін драмалық ойындар, кітап оқу бұрыштары және жазу аймақтарын ұйымдастыру ұсынылады. Сондай-ақ, ән айту, жаңылтпаштар жаттау, дауыстап оқу сияқты әдістер баланың сөздік қорын кеңейтіп, дыбыстарды ажырату қабілетін дамытады. Кітап оқу үдерісін қызықты ету үшін рөлдік ойындар мен көрнекі құралдарды пайдалану маңызды. Автор ата-аналар мен педагогдерге балалармен күнделікті бірге кітап оқып, оқылған әңгімелерді талқылауды ұсынады. Баланы оқуға баулу үшін қызықты әрі түрлі-түсті суреттері бар кітаптарды таңдау, олармен бірге оқыған кітап туралы сөйлесу және кітапты ойынмен байланыстыру тиімді әдістер ретінде қарастырылады[19].

Питер Джонстон (Peter H. Johnston) "Choice Words: How Our Language Affects Children's Learning"(Таңдау сөздері: Біздің тіліміз балалардың оқуына қалай әсер етеді) кітабы тәрбиешілердің, педагогдердің қолданатын тілі балалардың оқу процесіне және жеке дамуына қалай әсер ететінін зерттейді. Автор сыныптағы қарапайым сөздер мен сөйлемдердің балалардың ойлау қабілетін, өзіне деген сенімділігін және оқу дағдыларын қалай қалыптастыратынын көрсетеді. Бұл еңбек педагогдерге, тәрбиешілерге және ата-аналарға арналған, өйткені балалардың дамуына әсер ететін негізгі құрал – олар еститін сөздер[20].

Патриция Куэл (Patricia Kuhl) – балалардың ерте тіл дамуы мен ми пластикалығы саласындағы жетекші зерттеушілердің бірі. Оның еңбектері балалардың алғашқы жылдарында дыбыстарды қалай қабылдайтынын және тілді қалай меңгеретінін зерттейді. "The Linguistic Genius of Babies" (2010, TED Talk) - бұл зерттеу балалардың алғашқы жылдарында тілді меңгеру қабілетінің жоғары болатынын дәлелдейді. Ол 6 айдан бастап балалар өз ана тілінің дыбыстарын қабылдап, басқа тілдердің дыбыстарынан ерекшелене бастайтынын көрсетеді[21]. "Foreign-Language Experience in Infancy: Effects of Short-Term Exposure and Social Interaction" (2003, PNAS Journal) - бұл зерттеуде балалар шет тілін меңгеруде тікелей әлеуметтік қарым-қатынас маңызды екенін көрсетеді. Яғни, балалар тілді тек тыңдау арқылы емес, тірі қарым-қатынас арқылы жақсы үйренеді[22]. "Early Language Acquisition: Cracking the Speech Code" (2004, Nature Reviews Neuroscience)- бұл мақала балалардың ерте жастағы сөйлеуді қабылдау механизмдерін зерттейді. Автор ми пластикалығы мен фонематикалық естудің дамуындағы маңызды кезеңдерді сипаттайды[23]. Патриция Куэлдің зерттеулері балалар дыбыстарды қабылдауда ерекше қабілетке ие екенін және бұл қабілет ерте жаста тез дамитынын көрсетеді. Ол кітап оқу, интерактивті әдістерді қолдану және ата-анамен жиі қарым-қатынас жасау тіл дамуына үлкен әсер ететінін дәлелдейді.

Осы кітаптарды педагогтер мен ата-аналарға беру арқылы әрбір автордың ұсыныстарын жүзеге асыру барысында балалардың кітапқа деген қызығушылығын оңай әрі қызықты қалыптастыра аламыз. Балаларды кітап оқуға қызықтыру үшін түрлі әдістерді қолдану маңызды. Ойын элементтерін енгізу, көрнекі құралдарды пайдалану, театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру – баланың зейінін аударып, оқуға деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтардың үлгісі үлкен рөл атқарады. Үйде кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, арнайы кітап бұрышын ұйымдастыру – балалардың кітапқа деген ықыласын оятудың тиімді жолдары. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы бірлесіп, отбасылық оқу дәстүрін жандандыруы, балаларды кітапханаға апаруы, әдеби кейіпкерлермен таныстыруы және шығармаларды сахналауы қажет. Сондай-ақ, балаларға өздері шағын кітаптар жасап, әңгіме құрастыруға мүмкіндік беру олардың шығармашылық қабілетін дамытады. Осы әдістерді жүйелі түрде қолдану арқылы балалардың танымдық, сөйлеу және шығармашылық дағдыларын жетілдіруге болады. Кітап оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру – олардың болашағына жасалған маңызды қадам.

Бұл мақала Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті 2023-2025 жылдары жүргізілетін АР19677736 ««Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылымипедагогикалық негіздері» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде дайындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. Щукина, Г. И. Танымдық қызығушылық және оның қалыптасуы. – М.: Педагогика, 1988.
3. Осмоловская, И. М., Петрова, Л. Н. Балалар әдебиетін қабылдау ерекшеліктері. – СПб.: Детство-Пресс, 2005.
4. Steiner, R. (1996). The Education of the Child: And Early Lectures on Education. Anthroposophic Press.
5. Bruner, J. (1983). Child's Talk: Learning to Use Language. Oxford University Press.
6. McGinnis, S., & Charette, J. (2008). Fostering Early Literacy: The Role of Parents and Educators. Early Childhood Research Journal.
7. Гурович, Л. М., Берегова, Л. Б., Логинова, В. И. Бала және кітап. – М.: Просвещение, 1990.
8. После трех уже поздно / Масару Ибука ; [Пер. с англ. Н. Перо вой]. — 8-е изд., испр., с предисловием Макото Ибуки. — М.: Альпина нон-фикшн, 2017.
9. Bettelheim, Bruno. The Uses of Enchantment: The Meaning and Importance of Fairy Tales. Knopf, 1976.
10. Communication Community. Best children's books for home or therapy [Электрондық ресурc]. – Қолжетімді: <https://www.communicationcommunity.com/best-childrens-books-home-or-therapy/>
11. Katz, K. (2013). Zoom Zoom Baby! New York: Little Simon.
12. Priddy, R. (2006). Bright Baby Touch and Feel. New York: Priddy Books.
13. Martin Jr., B., & Carle, E. (1991). Polar Bear, Polar Bear, What Do You Hear? New York: Henry Holt and Co.
14. Dewdney, A. (2005). Llama Llama Red Pajama. New York: Viking Books for Young Readers.
15. Martin Jr., B., & Archambault, J. (1989). Chicka Chicka Boom Boom. New York: Simon & Schuster.
16. Faber, A., & Mazlish, E. (2012). How to Talk So Kids Will Listen & Listen So Kids Will Talk. HarperCollins Publishers.
17. Trelease, J. (2013). The Read-Aloud Handbook. New York, NY: Penguin Books.
18. Krashen, S. D. (2004). The Power of Reading: Insights from Research. Portsmouth, NH: Heinemann.
19. Duke, N. K., & Bennett-Armistead, V. S. (2003). Literacy and the Youngest Learner: Best Practices for Educators of Children from Birth to 5. New York, NY: Scholastic.
20. Johnston, P. H. (2004). Choice Words: How Our Language Affects Children's Learning. Portland, ME: Stenhouse Publishers.
21. Kuhl, P. K. (2010). The Linguistic Genius of Babies [TED Talk]. TED Conferences.
22. Kuhl, P. K., Tsao, F. M., & Liu, H. M. (2003). Foreign-Language Experience in Infancy: Effects of Short-Term Exposure and Social Interaction. Proceedings of the National Academy of Sciences, 100(15), 9096-9101.
23. Kuhl, P. K. (2004). Early Language Acquisition: Cracking the Speech Code. Nature Reviews Neuroscience, 5(11), 831-843.